

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы  
мемлекеттік нормативтер**

---

**Государственные нормативы в области архитектуры,  
градостроительства и строительства**

**Ғимараттардың цокольдерін қосалқы элементтері бар  
сплиттерлік тақтайшалармен қаптау жұмыстарын  
жүргізуге арналған**

**ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТА**

---

**ТЕХНОЛОГИЧЕСКАЯ КАРТА**

**на производства работ по облицовке цоколей зданий  
сплиттерными плитами с доборным элементом**

**ҚР СНТК 8.07-06-2015  
ТКСН РК 8.07-06-2015**

**Ресми басылым  
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс,  
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын  
басқару комитеті**

**Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и  
управления земельными ресурсами Министерства национальной  
экономики Республики Казахстан**

**Астана 2015**

**ҚР СНТК 8.07-06-2015. Технологиялық карта**  
**ТКСН РК 8.07-06-2015. Технологическая карта**

---

**АЛҒЫ СӨЗ**

- |   |   |
|---|---|
| <b>1. ӘЗІРЛЕГЕН</b>                                     | «ҚазҚСҒЗИ» АҚ   |
| <b>2. ҰСЫНҒАН</b>                                       | Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі (ҚР ҰЭМ) Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (ТКШ) істері және жер ресурстарын басқару комитеті  |
| <b>3. ҚАБЫЛДАҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ</b> | Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі (ҚР ҰЭМ) Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері (ТКШ) және жер ресурстарын басқару комитеті төрағасының 2015 жылғы 2 қарашадағы №358-НҚ бұйрығымен |
| <b>4. ОРНЫНА</b>  | алғашқы рет   |

**Предисловие**

- |  |   |
|--|---|
| <b>1. РАЗРАБОТАНЫ</b>                  | АО «КазНИИСА»   |
| <b>2. ПРЕДСТАВЛЕНЫ</b>                 | Комитетом по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства (ЖКХ) и управления земельными ресурсами (УЗР) Министерства национальной экономики Республики Казахстан (МНЭ РК)   |
| <b>3. ПРИНЯТЫ И ВВЕДЕНЫ В ДЕЙСТВИЕ</b> | Приказом Председателя Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства (ЖКХ) и управления земельными ресурсами (УЗР) Министерства национальной экономики Республики Казахстан (МНЭ РК) от 2 ноября 2015 года № 358-НҚ |
| <b>4. ВЗАМЕН</b>                       | впервые   |

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК.

**Мазмұны**

1 Жалпы ережелер.....	1
2 Қолдану саласы .....	1
3 Нормативтік сілтемелер .....	2
4 Негізгі қолданылатын материалдар мен бұйымдардың сипаттамалары .....	4
5 Жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру және технологиясы .....	11
6 Материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік.....	22
7 Жұмыстардың сапасына қойылатын талаптар.....	25
8 Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау .....	31
9 Еңбек шығындарының калькуляциясы.....	36

**БЕЛГІ ҮШІН  
ҮШІН ЗАМЕТОК**

---

# ҒИМАРАТТАРДЫҢ ЦОКОЛЬДЕРІН ҚОСАЛҚЫ ЭЛЕМЕНТТЕРІ БАР СПЛИТТЕРЛІК ТАҚТАЙШАЛАРМЕН ҚАПТАУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУГЕ АРНАЛҒАН ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТА

Енгізу күні 2015-11-02

## 1 Жалпы ережелер

1.1 Ғимараттардың цокольдерін қосалқы элементтері бар сплиттерлік тақтайшалармен қаптау жұмыстарын жүргізуге арналған технологиялық карта Қазақстан Республикасының құрылыс объектілерінде қолдану үшін қолданыстағы нормативтік техникалық құжаттардың (НТК) талаптарына сәйкес әзірленді.

1.2 Технологиялық карта құрылысты құрылыс жұмыстарын ұйымдастыру, технологиясы және механикаландыру бойынша ұтымды шешімдермен қамтамасыз етуге арналған.

1.3 Технологиялық картада ғимараттардың цокольдерін қосалқы элементтері бар сплиттерлік тақтайшалармен қаптау жұмыстарын жүргізу қаралады.

1.4 Технологиялық карта келесі бөлімдерді қамтиды:

- қолдану саласы;
- нормативтік сілтемелер;
- негізгі қолданылатын материалдардың сипаттамалары;
- жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру және технологиясы;
- материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік;
- жұмыстардың сапасына қойылатын талаптар;
- қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау;
- еңбек шығындарының калькуляциясы.

1.5 Технологиялық картада еңбек режимі жұмыс орнын ұтымды ұйымдастыру кезінде еңбек процестерін орындаудың оңтайлы қарқынынан, еңбек бөлінісін, жетілдірілген құралды және мүкәммалды қолдануды ескере отырып, бригада жұмысшылары арасында міндеттерді айқын бөлуден қабылданған.

## 2 Қолдану саласы

2.1 Ғимараттардың цокольдерін қосалқы элементтері бар сплиттерлік тақтайшалармен қаптау жұмыстарын орындау кезінде ҚР ҚНЖЕ 1.03-05, ҚР ҚН 1.03-00, ҚР ҚНЖЕ 2.04-10, ҚР ҚНЖЕ 3.06.03-85, ҚР СТ СТБ 1538-2007 басшылыққа алу керек.

2.2 Технологиялық карта азаматтық және қоғамдық ғимараттардың құрылысы кезінде ғимараттардың цокольдерін қосалқы элементтері бар сплиттерлік тақтайшалармен қаптау жұмыстарына әзірленді.

2.3 Ғимараттардың цокольдерін қосалқы элементтері бар сплиттерлік тақтайшалармен қаптау жұмыстары келесі технологиялық жүйелілікпен орындалады:

- а) дайындық жұмыстары;
- б) негізгі жұмыстар:
  - тірек бұрышын монтаждау;
  - салмалы бөлшектерді монтаждау;
  - қаңқаны монтаждау;
  - ғимараттардың цоколін сплиттерлік тақтайшалармен қаптау;
- в) қосалқы жұмыстар;
- г) қорытынды жұмыстар.

2.4 Ғимараттардың цокольдерін қосалқы элементтері бар сплиттерлік тақтайшалармен қаптау жұмыстарын жүргізуге арналған технологиялық карта ҚР ҚНЖЕ

1.03-05, ҚР ҚНжЕ 3.06.03-85 және басқа да қолданыстағы НТҚ, жұмыстарды жүргізу жобасын және осы технологиялық картаны сақтаумен барлық кезеңдегі жұмыстарды орындауды көздейді.

2.5 Технологиялық картаны байланыстыру кезінде жұмыстардың құрамын, механикаландыру құралдарын, еңбек және материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілікті нақтылау, сапаны бақылау, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шараларды түзету қажет.

2.6 Осы технологиялық картаны қолдану кезінде ағымдағы жылға жай-күйі бойынша жасалған Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілердің және нормативтік-техникалық құжаттардың тізбесі бойынша нормативтік құқықтық актілердің (НҚА) және НТҚ, сондай-ақ ағымдағы жылы жарияланған тиісті ақпараттық көрсеткіштер бойынша күшіне енген НҚА және НТҚ қолданысын тексеру қажет.

Егер сілтеме НҚА және НТҚ ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы технологиялық картаны қолдану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) НҚА-ны және НТҚ-ны басшылыққа алу керек.

Егер сілтеме НҚА және НТҚ ауыстырылмай күші жойылса, онда оларға сілтеме берілген жағдай осы сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады.

### 3 Нормативтік сілтемелер

Осы Технологиялық картада келесі нормативтік-техникалық құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 ж. 30 желтоқсандағы №1682 қаулысымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігі ережелері».

ҚР Б 8.04-1-2010, 1-жинақ, Құрылысшылық көлік жұмыстары;

ҚН 290-74

Құрылыс ерітінділерін дайындау және қолдану жөніндегі нұсқаулық.

ҚР ҚНжЕ 1.03-05-2001

Құрылыста еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы.

ҚР ҚН 1.03-00-2011

Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындарды, ғимараттарды және құрылыстарды салуды ұйымдастыру.

ҚР ҚНжЕ 2.02-05- 2009\*

Ғимараттардың және құрылыстардың өрт қауіпсіздігі.

ҚР ҚНжЕ 3.02-02-2009

Қоғамдық ғимараттар және құрылыстар.

МЕМСТ 6133-99

Бетон қабырға тастары. Техникалық шарттар

МЕМСТ 12.1.004-91

ЕҚСЖ. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.

МЕМСТ 12.1.013-78

ЕҚСЖ. Электр қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.

МЕМСТ 12.1.046-85

Құрылыс. Құрылыс алаңдарын жарықтандыру нормалары (2003ж. бас.).

МЕМСТ 12.4.059-89

ЕҚСЖ. Құрылыс. Мүкәммал сақтандыру қоршаулары. Жалпы техникалық шарттар.

МЕМСТ 12.4.087-84

ЕҚСЖ. Құрылыс. Құрылыс каскалары. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 12.4.089-86

ЕҚСЖ. Құрылыс. Сақтандыру белдіктері. Жалпы техникалық шарттар.

МЕМСТ 12.4.107-82

ЕҚСЖ. Құрылыс. Сақтандыру арқандары. Жалпы техникалық талаптар.

МЕМСТ 11042-90

Болат құрылыс балғалары. Техникалық шарттар.

MEMСТ 23407-78	Құрылыс алаңдарының және құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу учаскелерінің мұқаммал қоршаулары. Техникалық шарттар.
MEMСТ 14098-91	Арматураның және темірбетон конструкциялар салмалы бұйымдарының дәнекерленген жалғанымдары. Түрлері, конструкциялары және өлшемдері
MEMСТ 25573-82*	Құрылысқа арналған жүк арқан строптар. Техникалық шарттар.
MEMСТ 26433.2-94	Құрылыстағы геометриялық параметрлердің дәлдігін қамтамасыз ету жүйесі. Ғимараттар мен құрылыстар параметрлерінің өлшемдерін орындау қағидалары.
MEMСТ 28013-98*	Құрылыс ерітінділері. Жалпы техникалық шарттар
MEMСТ 25328-82	Құрылыс ерітінділеріне арналған цемент.
MEMСТ 4.233-86	ӨСКЖ. Құрылыс. Құрылыс ерітінділері. Көрсеткіштер номенклатурасы
MEMСТ 23732-2011	Бетондарға және ерітінділерге арналған су. Техникалық шарттар
MEMСТ 24211-2008	Бетондарға және құрылыс ерітінділеріне арналған қоспалар. Жалпы техникалық шарттар

#### 4 Негізгі қолданылатын материалдар мен бұйымдардың сипаттамалары

##### 4.1 Сплиттерлік тақта

Ғимараттардың цокольдерін қаптау үшін МЕМСТ 6133 бойынша тығыздығы 1400 кг/м<sup>3</sup> бастап 1600 кг/м<sup>3</sup> дейін М 150 сплиттерлік тақтайшасы қолданылады.

Сплиттерлік тақтайша объектіге көліктің нақты түрінде қолданыстағы жүктерді тасымалдау қағидаларына сәйкес көліктің кез келген түрімен жеткізіледі. Сплиттерлік тақтайшаны тасымалдау МЕМСТ 18343 бойынша термоотырғызылған немесе созылатын қабыршаққа немесе өнімнің сақталуын қамтамасыз ететін басқа да материалдарға буып-түйілген пакеттелген түрде жүзеге асырылады.

Әрбір көліктік пакеттің көліктік таңбасы болуға тиіс.

Бұйымдардың пакеттерін тиеу және түсіру арнайы жүк қармау құрылғыларының көмегімен механикаландырылған әдіспен жүргізілуге тиіс.


Бұйымдарды ақтара (лақтыра) тиеуге және оларды лақтырып түсіруге рұқсат етілмейді.

Көліктік пакеттер тұтас қатарларда қатты жабыны бар тегіс алаңдарда бір белдеуде сақталады. Қауіпсіздік талаптарын сақтау шартымен пакетті бір-біріне екі белдеуден жоғары емес орнатуға рұқсат етіледі.

Жеткізілетін бұйымдардың әрбір топтамасына сапа туралы құжат ілесе жүруге тиіс.

Материалдың атауы	Өлшемі	Өлш. бірл.	Поддондағы өлш. саны	поддонның салм. кг.(астам емес)	саны 1 м <sup>2</sup> дана
Сплиттерлік тақтайша	390*56*190	дана	120	1032	12.5
Сплиттерлік тақтайша	190*60*190	дана	240	960	25


Сплиттерлік тақтайшаның сыртқы көрінісі 1-суретте көрсетілген.



1-сурет – Сплиттерлік тақтайша


Түсіру кезінде поддондағы сплиттерлік тақтайшаны ілу схемасы 2-суретте көрсетілген.





**2-сурет – Түсіру кезінде поддондағы сплиттерлік тақтайшаны ілу схемасы**

Сплиттерлік тақтайшасы бар поддондарды қаттастыра жинау схемасы 3-суретте көрсетілген.



**3-сурет – Сплиттерлік тақтайшасы бар поддондарды қаттастыра жинау схемасы**

#### **4.2 Ерітінді қоспасы**

Ерітінді қоспасы буындардың ауысымды әзірленуі үшін қажетті көлемде жеткізіледі. Бір мекенжайға жіберілетін ерітінді қоспасы әрбір топтамасының сапа туралы ілеспе құжаты болады.

Ерітіндіні дайындау технологиялық желіде жүргізілетін құрылыс жұмыстары барысының барынша жауапты кезеңдерінің бірі.

Жапсарларға арналған ерітінді қаптауды жапсарлардың жоғары беріктігімен және жаңбыр суын өткізбейтіндігімен қамтамасыз ететіндей сапады болуға тиіс.

Тұтқыр материалдар ретінде керекті сападағы портландцемент және гидравликалық әк қолданылады. Құм тиісті түйіршікметрлік сапада болуға тиіс: жұқа түйіргіші жоқ құм деформациялануы төмен тұрпайы ерітінділерді береді, бұл су өтпейтін жапсарлардың түзілуіне кедергі келтіреді, өйткені ұсақ түйіршіктердің өте көп көлемі қоспадағы судың жоғары сапасын талап етеді, бұл егер «су-цемент» керекті арақатынасын сақтау үшін цемент көлемі пропорционал түрде ұлғайтылмаса, ерітіндінің беріктігінің төмендеуіне алып келеді.


Дұрыс түйіршікметрлік құрам іс жүзінде иілімді ерітінді материалдарының қатпарлануын төмендетеді, сондай-ақ, ерітіндідегі суды азайтады және оның деформациялануын жақсартады.

Келесі құрамдағы цементті-әкті ерітіндіні пайдалану барынша орынды: портландцементтің 1 (бір) бөлігі, гидравликалық әктің 1 (бір) бөлігі, құмның, судың 6 (алты) бөлігі.

Кемел біртекті қоспаны алу үшін ерітіндіні құрғақ жағдайда мұқият араластыру аса маңызды. Су құрғақ қоспа дайындаудың соңында қосылады. Жұмысқа дайын ерітіндінің қою қаймақ консистенциясы болуға тиіс.

400 маркалы цементті пайдалану кезінде 28 күннен кейін  $50 \text{ кг/см}^2$  дейін жүктемені (маркасы 50) ұстап тұрады

Ерітінді қоспасы бар жәшікті ілу схемасы 4-суретте көрсетілген.



1 – ерітінді қоспасы бар жәшік;

**4-сурет – Ерітінді қоспасы бар жәшікті ілу схемасы**

### 4.3 Салмалы бөлшектер

Цокольді сплиттерлік тақтайшалармен қаптау кезінде қолданылатын салмалы бөлшектер:

- 180x5 жолақ;
- дюбель-төлке;
- АІ арматура;
- болат бұрыштық;
- бейіндік құбыр.

Сплиттерлік тақтайшадан жасалған қаламаны арқаулау үшін диаметрлері 5, 6, 10 және АШ 12 мм АІ сыныбындағы өзекшелі арматура қолданылады.

Арматуралық өзекшелер құрылыс объектісіне түр-өлшемдері бойынша пакеттермен жиынтықта жеткізіледі. Объектіде жұмыстарды үздіксіз жүргізуді қамтамасыз ету үшін үш ауысымға арматураның қажетті қоры жасақталады.


Арматуралық бұйымдарды тасымалдауды және қаттастыра жинауды қолданыстағы НТҚ-ға сәйкес орындау керек. Арматуралық өзекшелерді тасымалдау, тиеу, түсіру кезінде оларды бұзылудан, деформациядан және майысудан сақтандыратын шараларды қабылдау қажет.

Қаттастыра жинау кезінде арматуралық өзекшелер және бұйымдар қалыңдығы кемінде 30 мм ағаш астарларға төселеді. Арматуралық өзекшелер және бұйымдар қатарының биіктігі 1,5 м аспауға тиіс.


Арматураның әрбір топтамасының сапа туралы ілеспе құжаты болады.

Арматуралық өзекшелерді ілу және қаттастыра жинау схемалары 5-суретте келтірілген.

a)




б)



- 1 – арматуралық өзекшелер;
- 2 – төсемелер;
- 3 – 2СК строп
- L – арматуралық өзекшелердің ұзындығы

**5-сурет - Арматуралық өзекшелерді ілу және қаттастыра жинау схемалары**

Болат бұрыштықтары бар пакетті ілу схемасы 6-суретте келтірілген.



- 1 – болат бұрыштықтары бар пакет;
- 2 – екі тармақты строп;
- 3 – траверса

**6-сурет – Болат бұрыштықтары бар пакетті ілу схемасы**

Міндетті сертификаттауға жататын материалдар мен бұйымдардың сәйкестік сертификаты болуға тиіс.

СЭС тіркеуге жататын материалдар мен бұйымдардың Санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы болуға тиіс.

#### 4.4 Әмбебап игіш қол құралы

Шыбықты, жолақты, бұрыштықты ию үшін әмбебап игіш қол құралы пайдаланылады.

Әмбебап игіш қол құралының жалпы көрінісі 7-суретте келтірілген.



7-сурет - Әмбебап игіш қол құралы

Өңделетін металдың ең жоғ. өлшемі, мм: (суық / қыздырылған жағдай)

- Ø18 / Ø30мм шыбық;
- 70 x 15мм жолақ ;
- 16 x 16 / 30 x 30 шаршы;
- 60 x 8 / 70 x 15 бұрыш;
- Ø14мм арматура .

Иілу бұрышы: 0-120 град.

Салмағы: 28/29кг.

Ораманың өлшемі: 390x290x280мм.

## 5 Жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру және технологиясы

### 5.1 Жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру

5.1.1 Бетон негіз бойынша ғимараттардың цоколін қосалқы элементтері бар сплиттерлік тақтайшалармен қаптау жұмыстары басталғанға дейін:

- жауапты жұмыстарды жүргізушіні тағайындау;
- қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізуге рұқсат-жүктелім алу;
- тіркеу журналында жазбамен жұмысшыларды еңбекті қорғау, электр және өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқамаларға қол қойдырып нысаналы нұсқаманы жүргізу;

- жұмысшыларды жобаның жұмыс сызбаларымен, құрылысты ұйымдастыру жобасымен (ҚҰЖ), жұмыстарды жүргізу жобасымен (ЖЖЖ), осы технологиялық картамен және таңдап алынған қаптау жүйесінің нормативтік құжаттарымен қол қойдырып таныстыру;

- ҚР ҚНЖЕ 1.03-05, ҚР ҚНЖЕ 1.03-06, ҚҰЖ және ЖЖЖ талаптарына (құрылыс алаңының және жұмыстарлы орындау учаскелерінің қоршауы, құрылыс машиналарын және тетіктерін орналастыруға арналған алаңдарды дайындау, материалдарды және бұйымдарды қаттастыра жинау алаңдарын дайындау және т.б.) сәйкес жұмыстарды жүргізу учаскелерін және жұмыс орындарын ұйымдастыруды орындау;

- жұмыстарды жүргізудің қауіпті аймақтарын МЕМСТ 23407 сәйкес дабылды қоршаумен қоршау;

- уақытша электрмен жарықтандыру құрылғысы бойынша жұмыстарды орындау.

Жұмыс орындарының жарықтандырылуы ҚР ҚНЖЕ 1.03-05 және МЕМСТ 12.1.046 талаптарына сәйкес келуге тиіс;

- МЕМСТ 12.4.087 бойынша жұмысшыларды арнайы киіммен және басқа да жеке қорғаныш құралдарымен және қорғаныш каскаларымен қамтамасыз ету.

- тұрғызылатын ғимараттың сыртқы қабырғаларының осьтерін белгілеуді орындау;

- ғимараттың қақпасын тұрғызуды орындау және белгіленгені тәртіпте оны акт бойынша қабылдау;

- такелаждық жарақтандыруды, құралдарды және құрылғыларды жұмысқа дайындау және тексеру;

- сүйеу құралдарын ЖЖЖ-ға сәйкес орнату, сынау және пайдалануға қабылдау;

- тетіктерді, құрылғыларды, құралдарды, мүкәммалды объектіге әкелу және пайдалануға дайындау;

- объектіге қажетті құрылыс материалдарын талап етілетін көлемде жеткізу және оларды қаттастыра жинауды ұйымдастыру қажет.

5.1.2 Ғимараттардың цоколін қосалқы элементтері бар сплиттерлік тақтайшалармен қаптау жұмыстарын келесі құрамдағы бригада орындайды:

- 5 разрядты қаптаушы (К1) – 1 адам;
- 4 разрядты қаптаушы (К2) – 1 адам;
- 3 разрядты қаптаушы (К3) – 1 адам;

Буындардың саны жұмыстардың шебімен анықталады.

Жұмыстар кешеніне мыналар қатысады:

- 5 разрядты ж/к 10 т автомобиль кранының машинисті (МК) – 1 адам;
- 2 разрядты монтаждағы такелажшы (Т1, Т2) – 2 адам;
- 5 разрядты электрмен дәнекерлеуші (Э) – 1 адам.

Ілеспе жұмыстарды (материалдарды ілу, жұмыстар орнына әперу) орындау кезінде 3 және 2 разрядты қаптаушылардың екінші разрядтан төмен емес такелажшы куәлігі болуға тиіс.

5.1.3 Жұмыс орындарын ұйымдастыру кезінде жұмыстар шебі бойымен жұмысшылардың еркін қозғалу мүмкіндігі және олардың толық қауіпсіздігі қамтамасыз етілуге тиіс.

Жұмыс басталғанға дейін жұмыс орнындағы сплиттерлік тақтайшаның қоры ауысымды қажеттілікке сәйкес келуге тиіс. Жәшіктердегі ерітінді қоспасы қалаудың басталар алдында жұмыстың 40-45 минуты есебінен беріледі, жұмыс барысында сплиттерлік тақтайшалардың қоры және ерітінді қоспасы толықтырылады.

Биіктігі 1,2 м дейін цокольді қаптау жұмыстарын жерден, ал 1,2 м жоғары сүйеу құралдарынан жүргізіледі.

Цокольді қаптау жұмыстары ЖЖЖ-да айқындалған қармаулар бойынша жүргізіледі.

5.1.4 Материалдар мен бұйымдарды жұмыстарды орындау орнына әперу сүйеу құралдарына есептік жүктемені ескере отырып, оларды шығындау шамасына қарай монтаждау кранының көмегімен жүзеге асырылады. Төсенімге материалдарды артық салуға рұқсат етілмейді.

5.1.5 Цокольдің қапталатын үстіңгі бетінің биіктігі және ені бойынша қаламаны арқаулау және салмалы бөлшектерді орнату келесі негізгі факторларды ескере отырып, жобалау құжаттамасымен анықталады:

- цокольдің биіктігі;
- ойықтардың өлшемдері;
- жылу оқшаулағыш тақтайлардың өлшемдері;
- сплиттерлік тақтайшаның өлшемдері.

## **5.2 Жұмыстарды жүргізу технологиясы**

Армоқаңқаны қолдана отырып, ғимараттардың цоколін қосалқы элементтері бар сплиттерлік тақтайшалармен қаптау келесі технологиялық жүйелілікпен орындалады:

- а) дайындық жұмыстары;
- б) негізгі жұмыстар:
  - тірек бұрышын монтаждау;
  - салмалы бөлшектерді монтаждау;
  - қаңқаны монтаждау;
  - ғимараттардың цоколін сплиттерлік тақтайшалармен қаптау;
- в) қосалқы жұмыстар;
- г) қорытынды жұмыстар.


Ғимараттардың цоколін қосалқы элементтері бар сплиттерлік тақтайшалармен қаптау кезінде жұмыс орындарын ұйымдастыру схемасы 8-суретте келтірілген.

### **5.2.1 Дайындық жұмыстары**

Жұмыстарды жүргізу басталар алдында жұмысшылар шеберден (прорабтан) жұмыстарды жүргізу тәртібі және оларды қауіпсіз орындау туралы тапсырма, нұсқаулар алады, қол қойып жобаның жұмыс сызбаларымен, жұмыстарды жүргізу жобасымен және осы технологиялық картамен танысады. Құралдарды, құрылғыларды және материалдарды, сондай-ақ жеке қорғаныш құралдарын алады.

Қаптаудың бірінші қатарының құрылғысына дейін деңгей бойынша негіздің тегістігін тексеру орындалады. Негіз металл щеткалармен кірден, тозаңнан және майлардан тазартылады





- 1 – қаптау сплиттерлік тақтайшасынан қалау;
- 2 - ерітінді қоспасы бар жәшік;
- 3 – сплиттерлік тақтайшаны қаттастыра жинау;
- 4 – арматураны қаттастыра жинау;
- 5 - құралы бар жәшік;

K1, K2, K3 - ғимараттың цоколін қаптау кезінде қаптаушылардың жұмыс орындары

### 8-сурет – Ғимараттардың цоколін сплиттерлік тақтайшамен қаптау кезінде жұмыс орындарын ұйымдастыру схемасы


#### 5.2.2 Негізгі жұмыстар

5.2.2.1 Металл қаңқа құрылғысымен цокольді сплиттерлік тақтайшалармен қаптау келесі жүйелілікпен орындалады:

Цокольдің бүкіл биіктігі бойынша барлық қармауда болат қаңқа орнатылады, ол үшін диаметрі 12 мм болат тік өзекшелер кірпіш қабырғада бітелген қапсырмалар арқылы өткізіледі, тақтайлардың жоғарғы жиегінің деңгейінде қабырға мен тік өзекшелер арасында диаметрі 10 мм көлденең өзекшелер жүргізіледі, көлденең және тік өзекшелер орауыш сыммен өзара байланыстырылады.

Дәнекерлеу жұмыстарын МЕМСТ 14098-91 бойынша электр-доғалық дәнекерлеумен, Э-42 электродтарымен жүргізу керек.

Көленең және тік өзекшелерді монтаждау 9-суретте келтірілген.



- 1 – дәнекерлеу аппараты;
- K1 - ғимараттың цоколінің қаңқасын монтаждау кезінде қаптаушылардың жұмыс орны;
- CB - ғимараттың цоколінің қаңқасын монтаждау кезінде дәнекерлеушінің жұмыс орны;

### 9-сурет – Көленең және тік өзекшелерді монтаждау

Қаптаудың бірінші қатарының тақтайшаларға арналған тірек бұрышын орнату орындары белгіленеді. Нивелирдің көмегімен цокольді немесе тиісті қатарды қаптаудың жоғарғы белгісі салынады. Қармаудың басында және соңында белгілер бойынша тақтайлардың бұрышын және цокольдің үстін анықтайтын қалыптар орнатылады және бекітіледі. Қалыптар бойынша оларды үстіңгі жиегінің қатар үстінің берілген белгісінде болатындай шамшырақ тақтайшалары орнатылады. Шамшырақ тақтайшаларының астынан және үстіңгі жиегі бойынша айлақ-бау созылады және қабырғаға қадашықтармен бекітіледі.

Ерітіндіден жасалған төсенімге оларды тірек бұрышына орнатумен тақтайлардың бірінші қатары орнатылады. Бұрын орнатылған тақтайшаның үстіңгі жиегіндегі ұяшыққа қадашық орнатылады және оған орнатылған тақтайшаның қадашығы орнатылған тақтайшаның бұрын бұрғыланған ұяшығына кіретіндей орнатылған тақта кигізіледі. Орнатылатын тақтайшаның үстіңгі жиегінің ұяшығындағы қадашыққа А1 арматурадан ілгек жүргізіледі және орауыш сыммен болат қаңқаға оралады. Төменгі шеті бау бойынша орнатылады. Шамшырақ тақтайшаларын орнатудың дұрыстығы тақтайшаның көлденең және тік жиектеріне қаланатын деңгей бойынша тексеріледі.


Қатардағы үш тақта орнатылғаннан кейін бірнеше бағыттарда тақтайлардың үстіңгі бетіне қаланатын рейканың көмегімен қаптаудың үстіңгі бетінің тегістігі тексеріледі.

Аралас тақтайшалар ерітіндімен бекітіледі. Қармаудағы тақтайлардың барлық қатары орнатылғаннан кейін қуыстарға тақта биіктігінің 1/3 ерітінді құйылады. Ерітіндінің бірінші қабаты қатайғаннан кейін қуыстар тақта биіктігінің 3/4 екінші қабатпен толтырылады.

Жұмыс орнын ұйымдастыру, жұмыстарды орындау кестесі, сондай-ақ мүкәммал, құралдар және құрылғылар жұмыстар мен операциялардың көрсетілген жүйелілігін қамтамасыз етуге тиіс.

Жердің ауыспалы белгісінде сплиттерлік тақтайша орны бойынша кесіледі.

Сплиттерлік тақтайшаны монтаждау 10-суретте келтірілген.



- 1 –көтерме бөлшек;
- 2 – сплиттерлік тақта;
- 3 – ерітінді қоспасы бар жәшік.

K1- K2 - сплиттерлік тақтайшаны монтаждау кезінде қаптаушылардың жұмыс орындары;

### 10-сурет – Сплиттерлік тақтайшаны монтаждау

Металл қаңқа құрылғысынсыз цокольді сплиттерлік тақтайшалармен қаптау келесі жүйелілікпен орындалады:

Тақтайлардың ұзындығының (жапсарлардың қалыңдығын ескере отырып) қапталатын цокольдің ұзындығына сәйкестігі толық анықталады;

Іргетас төсенімінің көленең үстіңгі беті тексеріледі. Іргетас төсенімінің көленең үстіңгі беті жазықтықтан ауытқуы 10 мм аспауға тиіс. Шығыңқы қыртыстар кесіледі, ал шұңқырлар ерітіндімен толтырылады;

- бірінші орнатылатын қатардың биіктігінде баумен қаптаудың сыртқы үстіңгі беті белгіленеді;

- қабырғада тесіктер белгіленеді және орналастырылады. Қабырғадағы тесіктің тереңдігі кемінде 100 мм, диаметрі бұгулі ұштың шамасына байланысты, бірақ ілгектің кемінде 3 диаметрін құрауға тиіс;

- цөкольдің тақтайшалары ұяшықтарға бекітілген ілгектерде дайын қабырға бойынша орнатылады. Қаптау тақтайшаларының тік жағдайы құламамен реттеледі;

- кірпіш қаламамен бір уақытта цөкольді қаптау кезінде тақтайшалар қабат қалыңдығы 10 - 15 мм қою консистенция ерітіндісіне орнатылады. Қалау қаптамаға қисындастыра жүргізіледі. Бекіткіштер қабырғаның қаламасы орнату қатарының биіктігіне орындалғаннан кейін енгізіледі;

- аралық тақтайшалар оған бұрыштық тақтайшалар орнатылған ерітінді жеткілікті түрде қатайғаннан кейін орнатылады. Тақтайшалар бір уақытта екі ұштан орнатылады. Соңғы тақта орны бойынша қиыстырылады;

- цөкольдің тақтайшалары ілгектермен бір тақтайшаға екі данадан үсітнен, ал өзара қадашықтармен және қапсырмалармен бекітіледі.

Кірпіш цөкольді қаптау жұмыстарын жүргізу үшін құрал, құрылғылар және мүкәммал жиынтығы қолданылады.

Қуысқа ерітінді құя отырып, металл қаңқа құрылғысынсыз қасбеттердің қабырғаларын тақтайшалармен қаптау келесі технологиялық жүйелілікпен орындалады:

- қабырғалардың үстіңгі бетінің тіктігі тексеріледі, қыртыстар тегістеледі;

- бір-бірінн 2,5 - 3 м арақашықтықта қадашықтар қағылады және оларға бау тартылады;

- бау қаптаудың үстіңгі бетінің жазықтығындағы қадашықтарға бекітіледі;

- құламамен қабырғаның үстіңгі бетінің тіктігі тексеріледі;

- қадашықтарға тақтайшалар орнатылады, бау және құлама бойынша салыстыра тексеріледі;

- қабырға мен қаптаудың тақтайшасы арасындағы қуыстар құюды үстіне дейін 5 см жеткізбей, 150 - 200 мм қабаттармен ерітіндімен толтырылады;

- қапталған үстіңгі бет ерітіндінің аққан және шашыраған іздерінен тазартылады.

Цөкольді сплиттерлік тақтайшамен қаптаудың құрылғысы кезінде келесі ережелерді ұстану қажет:

- ерітінді қоспасы мерзімді түрде араластырылуы қажет;

- қарқынды атмосфералық жауын-шашын кезеңінде жаңадан қаланған қаламаның жоғарғы қатарларын ылғалдан қорғау қажет.

Цөкольді сплиттерлік тақтайшамен қаптау кезінде оларды аралап кесу орындалады. Тақтайшаларды аралап кесу тікелей жұмыстар барысында келесі жүйелілікпен орындалады:

- металл рулеткамен тақтайшаны аралап кесу үшін қажетті өлшемдері түсіріледі;

- тақта белгіленеді;

- бұрыш тегістегіш машинамен тақта аралап кесіледі.

Қаптау жапсарларын сөгу қалаумен бір уақытта жүзеге асырылады, бұл ретте алдымен көлденең, одан кейін тік жапсарлар сөгіледі. Жапсарларды сөгу операциясы екі тәсілмен: алдымен сөгудің кең, содан соң жапсардың үстіңгі бетін шүберекпен сүрткеннен кейін барынша тар бөлігімен орындалады.

Сплиттерлік тақтайшаны қалау кезінде жапсарлардың ерітіндімен толтырылуына, әрбір қаламаның жағдайының дұрыстығына, жалпы қаламаның тіктігіне ерекше көңіл бөлу қажет.

Қаламаның тіктігі қалама биіктігінің әрбір метріне кемінде екі мәрте тіктеуішпен тексеріледі. Қаламаның көлденеңдігі деңгеймен ережемен тексеріледі. Қалама жапсарларының қалыңдығы метрмен, жапсарлардың байламдары сыртқы тексерумен тексеріледі.

### 5.2.2 Қосалқы жұмыстар

Материалдарды қаттастыра жинау алаңына түсіру жүк көтергіштігі 10 т дейін (ЖЖЖ бойынша) монтаждау кранының көмегімен жүзеге асырылады.

Материалдар жұмыстарды орындау орнына әперу шығару алаңына монтаждау кранымен орындалады, одан әрі материалдар арбаға қайта тиеледі және жұмыстарды жүргізу орнына тасылады.

### 5.2.3 Қорытынды жұмыстар

Жұмыстар орындалғаннан кейін жұмысшылар жұмыс орнын, материалдарды әперуге арналған алаңды құрылыс қоқысынан жинайды, құралды қоректендіру көзінен ажыратады, құралды, құрылғыларды және пайдаланылмаған материалдарды қоймаға тапсырады.

Материалдарды, құралдарды және құрылғыларды сүйеу құралдарының жұмыс төсемдерінде қалдыруға тыйым салынады.

### 5.3 Жұмыстарды қысқы кезеңде жүргізу

Қысқы кезеңде ғимараттардың цоколін сплиттерлік тақтайшамен қаптау жұмыстарын жүргізуді ҚР ҚНжЕ 5.03-37 және жұмыстарды жүргізу жобасының талаптарына сәйкес орындау қажет.

Қыс шарттарында ғимараттардың цоколін сплиттерлік тақтайшамен қаптау жұмыстарды жүргізу жобасында көзделген аязға қарсы қоспалармен алдын ала дайындау ерітінді қоспасында орындалады.

Шығарылатын қоспаға қоса берілетін ұсынымдарға сәйкес оны жылдың суық мезгілінде қолдану сыртқы ауа температурасы 0 °С бастап минус 10 °С дейін болған кезде мүмкін болады.

Жабуды суық сумен орындау ұсынылады.

Суды қосқаннан кейін ерітінді қоспасы бір сағт бойына әзірленуге тиіс.

Талап етілетін температураны сақтау үшін қаптаушылардың жылытылған ерітінді жәшіктері (қауғалары) пайдаланылады. Ерітінді қоспасының температурасы кемінде плюс 5 °С болуға тиіс.

Ерітінді қоспасы қысқа тізбектермен төселеді және төмен жатқан қатарлардағы ерітінді қоспасы қатуға дейін қаламаның жоғары жатқан қатарларының салмағымен тығыздалуы үшін қаптау мүмкіндігінше жылдам орындалады.

Қатып қалған, сондай-ақ ыстық сумен ысытылған ерітінді қоспасын пайдалануға тыйым салынады.

Жұмыстағы үзілістерде ерітінді қоспасын қаламаның үстіңгі қатарына төсеуге рұқсат етілмейді. Мұз қатудан және қар басудан сақтандыру үшін жұмыстағы үзіліс кезінде қаламаның үстін жабу керек

Жапсарлардың қалыңдығы жазғы уақыт кезеңінде орындалған қалама үшін белгіленген қалыңдыққа сәйкес келуге тиіс.

Қыс шарттарында жұмыстарды жүргізу жобасының талаптарын қатаң сақтау, байламның дұрыстығын, жапсарлардың өлшемдерін, қатарлардың көлденеңдігін, бұрыштардың тіктігін тұрақты бақылауды жүзеге асыру қажет.

5.4 Цөкольді қосалқы элементтері бар сплиттерлік тақтайшамен қаптау жұмыстарын жүргізудің жедел картасы 1-кестеде келтірілген.

## 1-кесте – Цөкольді қосалқы элементтері бар сплиттерлік тақтайшамен қаптау жұмыстарын жүргізудің жедел картасы

Операцияның атауы	Технологиялық қамтамасыз ету құралдары (технологиялық жабдық, құрал, мүкәммал, құрылғылар), машиналар, тетіктер және жабдық	Орындаушы	Операцияның сипаты
1	2	3	4
<b>Дайындық жұмыстары</b>			
Дайындық жұмыстары	-	3 разрядты қаптаушы (К1), 2 разрядты қаптаушы (К2), 5 разрядты электрмен дәнекерлеуші (Э), 6 разрядты кран машинисті (МК)	Жұмысшылар техникалық персоналдан нұсқаулар алады, жобаның жұмыс сызбаларымен, ЖҰЖ, ЖЖЖ және осы технологиялық картамен танысады, қоймада қажетті құралды, құрылғыларды және материалдарды алады және олардың ақаусыздығын тексереді, қажет болған жағдайда оларды ауыстыруды орындайды
<b>Негізгі жұмыстар</b>			
Тірек бұрышын және металл қаңқаны орнату	Сыпырғыш	Э, К1, К2	Э тірек бұрышы түрінде сплиттерлік тақтайша астындағы негізді орнатады, К1 және К2 материалды және мүкәммалды тасып жеткізумен көмектеседі

## 1-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Салмалы бөлшектерді орнату	Металл щетка, шүберек, термопенал, қолмен доғалық дәнекерлеуге арналған дәнекерлеу аппараты, электрод ұстағыш, дәнекерлеуші қалыбы, мүкәммал төсенімдер	Э	Э щеткамен салмалы бөлшектерді тазартады және қолмен доғалық дәнекерлеумен цокольді ерітіп жапсыруды орындайды. Э жапсарларды қождан тазартады, оларды тексереді және жапсарларды өлшеуді орындайды
Қатарларды орнату және арқан бауды тарту	Арқан бау, мүкәммал қатары, арқанды қапсырма, құрылыс деңгейі, тіктеуіш	К1, К2	К1 және К2 бұрыштық және аралық қатарларды орнатады және әрбір қатардың керткітері бірдей көленең жазықтықтарда болуы үшін оларды құлама және деңгей бойынша салыстыра тексереді, қатарлардағы тесіктерге арқан бауды бекітеді. Арқан бауды жылжымалы қамытқа бекітуге болады
Цокольді сплиттерлік тақтайшамен қаптау	Ерітіндіге арналған жәшік, құрылыс деңгейі, жалпақ күрек, қаптаушының балғасы, кельма, арқан бау, бұрыш тегістегіш машина, өлшегіш металл рулетка, балға-қайла, мүкәммал төсенімдер	К1, К2	К1 және К2 қабырғалардың осьтерін белгілеуді орындайды. К1 қаптаудың шамшырақ тақтайшаларын төсейді. К1 және К2 шамшырақ тақтайшалар бойынша арқанды созады, сплиттерлік тақтайшадан қаптауды орындайды. К2 қалау барысында ерітінді қоспасын әпереді және сплиттерлік тақтайшаны жайып төсейді. К2 қаламаны тұрғызу барысында цоколь мен қаптама арасындағы аралықты ерітіндімен толтырады. К1 және К2 қалау барысында жобаға сәйкес бұрыш тегістегіш машинамен арматуралық торды және байланысты өлшейді, кеседі және төсейді.

## 1-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Сплиттерлік тақтайшаларды кесу	Рулетка, бұрыштық, бұрыш тегістегіш машина	К2	К2 рулеткамен тақтайшаларды кесу үшін қаламадан өлшемдерді түсіреді. Тақтайшаны поддоннан алады және оны кесу орнына алып барады. Рулетканың және бұрыштықтың көмегімен блокты белгілейді және бұрыш тегістегіш машинамен тақтайшаны керекті өлшемдерке кесуді орындайды, одан кейін кесілген тақтайшаны төсеу орнына алып барады
Қаламаның дұрыстаған тексеру	Бұрыштық, түзеткіш, деңгей, тіктеуіш, өлшегіш металл рулетка	К1	К1 ағаш бұрыштықпен ғимаратты бұрыштарын қалаудың дұрыстығын бақылайды, қаламаның көлденеңдігін түзеткішпен және деңгеймен тексереді, қапталған цокольдің тіктігін деңгеймен және тіктеуішпен тексереді, одан кейін аралық қабырғалардың ұзындығын рулеткамен тексереді
Арқанның орнын ауыстырып қою	Арқан бау, қатар	К1, К2	Бірінші немесе кезекті қатарды қалауды аяқтап, К1 және К2 арқан бауды тіркегішті босатады, одан кейін қамытты көтеріп, оны келесі қатардың бетіне орнатады және бұрандамен бекітеді
<b>Қосалқы жұмыстар</b>			
Материалдарды түсіру	Монтаждау краны, строптар, арқанды кермелер	МК, К1, К2	К1 және К2 контейнерлерді (поддондарды), материалдары бар пакеттерді ілуді орындайды. К1 МК түсіруге (көтеруге) пәрмен береді, қауіпсіз арақашықтыққа шегінеді. МК кранмен материалдарды қаттастыра жинау орнына әпереді. К1 және К2 материалдарды қабылдайды және олардың арқан жіптерін шешуді орындайды
Материалды жұмыстарды орындау орнына әперу	Монтаждау краны, строптар, кермелер	К1, К2, МК	К1 және К2 контейнерлерді (поддондарды), материалдары бар пакеттерді ілуді орындайды және қауіпсіз арақашықтыққа шегінеді. К1 МК түсіруге (көтеруге) пәрмен береді. МК кранмен материалдарды шығару алаңына әпереді. К1 және К2 материалдарды қабылдайды, олардың арқан жіптерін шешуді орындайды. К2 материалдарды арбаға қайта тиейді және жұмыстарды жүргізу орнына тасиды



*1-кестенің соңы*

1	2	3	4
<b>Қорытынды жұмыстар</b>			
Қорытынды жұмыстар	Күрек, сыпырғыш, қоқысқа арналған ыдыс	К1, К2	Жұмыстар орындалғаннан кейін жұмысшылар жұмыс орнын жинайды, құралдарды, құрылғыларды және қалған материалдарды қоймаға тапсырады

## 6 Материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік

6.1 Сыртқы қабырғаларды ұяшықты бетоннан жасалған блоктардан бір уақытта қалай отырып, жылытқышты қолданумен ғимараттардың қасбеттерін кірпішпен қаптау жұмыстарын жүргізу кезінде қолданылатын материалдар мен бұйымдарға қажеттілік ведомості 2-кестеде келтірілген.

### 2-кесте – Ғимараттардың цоколін қосалқы элементтері бар сплиттерлік тақтайшалармен қаптау жұмыстарын жүргізу кезінде қолданылатын материалдар мен бұйымдарға қажеттілік ведомості

қабырға конструкциясының 108,52 м<sup>2</sup>

р/с №	Материалдың, бұйымның атауы	НТҚ атауы және белгіленуі	Өлшем бірлігі	Саны
1	Сплиттерлік бетон тақталар, қалыңдығы 50 мм, сұр	ҚР СТ 958-93	дана	1356,5
2	Бетон жапқыш элементтер, сұр	МЕМСТ 13015-2012	дана	162,5
3	Ауыр цементті дайын әрлеу ерітінді, 1:	3 МЕМСТ 28013-98-	м3	3,9
4	Бекіту бөлшектері		т	Жоба бойынша
5	Электродтар, d=4 мм, Э46	МЕМСТ 9466-75	т	0,009
	Техникалық су		м3	1

6.2 Машиналардың, тетіктердің, жабдықтың, технологиялық жабдықтың, құралдың, мүкәммалдың және құрылғылардың тізбесі 3-кестеде келтірілген.

### 3-кесте - Машиналардың, тетіктердің, жабдықтың, технологиялық жабдықтың, құралдың, мүкәммалдың және құрылғылардың тізбесі

буынға - 2 адам

р/с №	Атауы	Арналуы	Негізгі техникалық сипаттамалары	Буынға (бригадаға) саны, дана
1	Монтаждау краны	Материалдарды түсіру және әперу	Q = 10 т,	1
2	Строп	Материалдар мен бұйымдарды ілу	Ж/к = 5,0 т	2
3	Қолмен доғалық дәнекерлеуге арналған дәнекерлеу аппараты	Дәнекерлеу жұмыстары	Кернеуі 20 В бастап 35 В дейін, ток күші – 45 А бастап 315 А дейін	1
4	Бұрыш тегістегіш машина	Арматураны кесу	-	1
5	Ерітіндіге арналған жәшік	Ерітіндіні сақтау	Сыйымдылығы 0,25 м <sup>3</sup>	1

## 3-кестенің жалғасы

буынға - 2 адам

р/с №	Атауы	Арналуы	Негізгі техникалық сипаттамалары	Буынға (бригадаға) саны, дана
6	Электрод ұстағыш	Электродтарды ұстағыш	300 А	1
7	Электрлік ұзартқыш	Электр аспаптарды қосу	Ұзындығы 50 м	2
8	Зембілдер	Материалдарды тасымалдау	-	1
9	Термопенал	Электродтарды сақтау	-	1
10	Металл рулетка	Сызықтық өлшемдер	Ұзындығы 5000 мм, бөлу бағасы 1 мм	1
11	Бұрыштық	Бақылау құралы	90°	1
12	Өлшегіш сызғыш	Сызықтық өлшемдер	Ұзындығы 500 мм, бөлу бағасы 1 мм	1
13	Құрылыс деңгейі	Бақылау құралы	-	1
14	Құрылыс тіктеуіші	Бақылау құралы	-	1
15	Бақылау рейкасы	Бақылау құралы	Ұзындығы 2,0 м	1
16	Қорғаныш көзілдірігі	электрмен дәнекерлеу жұмыстары кезінде көзді қорғауға арналған	-	1
17	Респиратор	Тыныс алу органдарын уыттылығы аз тозаңнан қорғауға арналған	МЕМСТ 17269-71	2
18	Диэлектрлік кілемше	Электр тогымен зақымданудан қорғауға арналған	-	1
19	Арқан бау	Сплиттерлік тақтайшамен қаптау	-	2
20	Құралдарға арналған жәшік	Құралды сақтау	-	2
21	Болат құрылыс балғасы	Жылытқыш тақтайшаларын бекіту	Салмағы 0,3 кг	2

## 3-кестенің соңы

буынға - 2 адам

р/с №	Атауы	Арналуы	Негізгі техникалық сипаттамалары	Буынға (бригадаға) саны, дана
22	Шелек	Қоқысты жинау	-	1
23	Ерітінді күрегі	Ерітінді төсенімін төсеу, ерітіндіні қайта араластыру	-	2
24	Кельма	Ерітінді қоспасын тегістеу	-	2
25	Балға-қайла	Сплиттерлік тақтайшамен қаптау	-	2
26	Металл щетка	Үстіңгі бетті дайындау, жапсарларды тегістеу	-	2
27	Дәнекерлеуші қалыбы	Жапсарларды өлшеу	-	Жиынтық
28	Құрылыс каскасы	Қорғау құралы	-	бригадаға
29	Костюм	Қорғау құралы	-	бригадаға
30	Арнайы қолғаптар	Қорғау құралы	-	бригадаға
31	Қорғаныш көзілдірігі	Қорғау құралы	-	бригадаға
32	Қорғаныш аяқ киімі	Қорғау құралы	-	бригадаға
33	Өрт сөндіргіш	Қорғау құралы	-	ЖЖЖ бойынша
34	Қоларба	Жүктерді тасымалдау	-	2
35	Дәрі қобдиы	Қорғау құралы	-	бригадаға

## 7 Жұмыстардың сапасына қойылатын талаптар

Ғимараттардың цокольдерін қосалқы элементтері бар сплиттерлік тақтайшалармен қаптау жұмыстарының сапасына қойылатын талаптар технологиялық процестерді бақылау картасында (4-кесте) келтірілген.

### 4-кесте – Технологиялық процестерді бақылау картасы

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау (сынамаларды іріктеу) орны	Бақылаудың мерзімділігі	Операцияларды бақылауды немесе жүргізуді орындаушы	Бақылау әдісі, НТҚ белгіленуі	Өлшеу, сынау құралдары		Бақылау нәтижелерінің ресімдеуі
	Атауы	Номиналдық мәні	Шекті ауытқуы					Типі, маркасы, НТҚ белгіленуі	Өлшемдер аукымы, ақаулығы, дәлдік сыныбы	
<b>Кіріс бақылауы</b>										
Сплиттерлік тақтайша	Марка	Жоба бойынша	Рұқсат етілмейді	Қаттастыра жинау алаңы	Тұтас	Шебер (прораб)	Шолу	Сапа туралы құжат, жеткізушінің паспорты		Кіріс бақылау журналы
Қолдануға дайын ерітінді қоспасы ҚДЕҚ	Бұл да -«-	Бұл да -«-	Бұл да -«-	Бұл да -«-	Бұл да -«-	Бұл да -«-	Бұл да -«-	Бұл да -«-		Бұл да -«-
Анкерлік өзекше	Диаметрі, мм	10, 12	-«-	-«-	-«-	-«-	Өлшеу (МЕМСТ 26433.1)	Штангенциркуль	0,01 мм	-«-

4-кестенің жалғасы

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау (сынамаларды іріктеу) орны	Бақылаудың мерзімділігі	Операцияларды бақылауды немесе жүргізуді орындаушы	Бақылау әдісі, НТҚ белгіленуі	Өлшеу, сынау құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу						
	Атауы	Номиналдық мәні	Шекті ауытқуы					Типі, маркасы, НТҚ белгіленуі	Өлшемдер ауқымы, ақаулығы, дәлдік сыныбы							
Салмалы бөлшек	Марка	ЗД-1	Рұқсат етілмейді	Қаттастыра жинау алаңы	Тұтас	Шебер (прораб)	Шолу	Сапа туралы құжат, жеткізушінің паспорты		Кіріс бақылау журналы						
Электродтар	Бұл да	Э-42	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Бұл да							
<b>Жедел бақылау (ҚР ҚНЖЕ 5.03-37, 33-кесте)</b>																
Ғимараттардың цоколін сплиттерлік тақтайшалармен қаптау	Конструкцияның қалыңдығы, мм	Жоба бойынша	15	Жұмыстарды жүргізу учаскесі	Тұтас	Шебер (прораб)	Өлшеу (МЕМСТ 26433.2)	Өлшегіш металл сызғыш	Өлшеу ауқымы 0 мм бастап 500 мм дейін, бөлу бағасы 1 мм	Жалпы жұмыстар журналы						
			Бұл да								-10	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Бұл да
			-«-								-15	-«-	-«-	-«-	-«-	-«-
			-«-								+15	-«-	-«-	-«-	-«-	-«-

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау (сынамаларды іріктеу) орны	Бақылаудың мерзімділігі	Операцияларды бақылауды немесе жүргізуді орындаушы	Бақылау әдісі, НТҚ белгіленуі	Өлшеу, сынау құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Номиналдық мәні	Шекті ауытқуы					Типі, маркасы, НТҚ белгіленуі	Өлшемдер ауқымы, ақаулығы, дәлдік сыныбы	
Ғимараттардың цоколін сплиттерлік тақтайшалармен қаптау	Терезе ойықтарының тік осьтерін тігінен араластыру, мм	-«-	20	-«-	-«-	-«-	-«-	Теодолит (МЕМСТ 10529)	-	-«-
	Қалама жапсарларының қалыңдығы: - көленең, мм  - тік, мм	12	-2, +3	Жұмыстарды жүргізу учаскесі	Тұтас	Шебер (прораб)	Өлшеу (МЕМСТ 26433.2)	Өлшегіш металл сызғыш	Өлшеу ауқымы 0 мм бастап 500 мм дейін, бөлу бағасы 1 мм	Жалпы жұмыстар журналы
	Бөлу осьтерінен конструкцияның осьтерін біріктіру, мм	10	+2	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Теодолит	-	Бұл да
	Қаламаның үстіңгі беттері мен бұрыштарын тігінен ауытқуы, мм	-	10	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Теодолит	-	Бұл да
		-	30	-«-	-«-	-«-	-«-	Теодолит	-	-«-

## 4-кестенің жалғасы

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау (сынамаларды іріктеу) орны	Бақылаудың мерзімділігі	Операцияларды бақылауды немесе жүргізуді орындаушы	Бақылау әдісі, НТҚ белгіленуі	Өлшеу, сынау құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Номиналдық мәні	Шекті ауытқуы					Типі, маркасы, НТҚ белгіленуі	Өлшемдер ауқымы, ақаулығы, дәлдік сыныбы	
Ғимараттардың цоколін сплитерлік тақтайшалармен қаптау	Қалама қатарларының көлденеңінен қабырға ұзындығының 10 м ауытқуы, мм	Жоба бойынша	15	-«-	Ішінара	-«-	-«-	Құрылыс денгейі (МЕМСТ 9416)	-	-«-
	Ұзындығы 2 м рейканы салу кезінде анықталған қаламаның тік үстінгі бетіндегі қыртыстар, мм	Жоба бойынша	10	Жұмыстарды жүргізу учаскесі	Тұтас	Шебер (прораб)	Өлшеу (МЕМСТ 26433.2)	Бақылау рейкасы  Өлшегіш металл сызғыш, (МЕМСТ 427)	Ұзындығы 2000 мм  Өлшеу ауқымы 0 мм бастап 500 мм дейін, бөлу бағасы 1 мм	Жалпы жұмыстар журналы



## 4-кестенің жалғасы

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау (сынамаларды іріктеу) орны	Бақылаудың мерзімділігі	Операцияларды бақылауды немесе жүргізуді орындаушы	Бақылау әдісі, НТҚ белгіленуі	Өлшеу, сынау құралдары		Бақылау нәтижелерінің ресімдеуі
	Атауы	Номиналдық мәні	Шекті ауытқуы					Типі, маркасы, НТҚ белгіленуі	Өлшемдер ауқымы, ақаулығы, дәлдік сыныбы	
Ғимараттардың цоколін сплиттерлік тактайшалармен қаптау	Салмалы бөлшектерді орнату	Бұл да	Рұқсат етілмейді	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Шолу	-	-	Бұл да
Қабылдау бақылауы										
	Конструкцияның қалыңдығы, мм	Жоба бойынша	15	Қапталған стена	Ішінара	Қабылдау комиссиясының мүшелері	Өлшеу (МЕМСТ 26433.2)	Өлшегіш металл сызғыш	Өлшеу ауқымы 0 мм бастап 500 мм дейін, бөлу бағасы 1 мм	Техникалық тексеру, қабылдау акті
	Қабырғаның ұзындығы, мм	Бұл да	Рұқсат етілмейді	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Өлшегіш металл рулетка (МЕМСТ 7502)	Өлшеу ауқымы 0 мм бастап 10000 мм дейін, бөлу бағасы 1 мм	Бұл да

## 4-кестенің соңы

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау (сынамаларды іріктеу) орны	Бақылаудың мерзімділігі	Операцияларды бақылауды немесе жүргізуді орындаушы	Бақылау әдісі, НТҚ белгіленуі	Өлшеу, сынау құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Номиналдық мәні	Шекті ауытқуы					Типі, маркасы, НТҚ белгіленуі	Өлшемдер ауқымы, ақаулығы, дәлдік сыныбы	
